## Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылының I жарты жылдығы бойынша директордың есебінің

### ХАТТАМАСЫ № 4

Күні: 31.05.2023ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп-интернат әкімшілігі

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп-интернат директорының м.а. С.Джунисбекованың 2023ж. I жарты жылдығының материалдық базасына қаралған қаржысына есеп беру туралы

**Сөз сөйледі:**

Мектеп-интернат директорырының м.а. С.Джунисбекова 2023ж. I жарты жылдығына материалдық-техникалық базасын дамыту үшін, тәрбиеленушілерді тамақпен қамтамасыз етуге, коммуналдық төлемдерге, ұжым қызметкерлеріне жалақыға және тағыда қосымша қызметтерге бөлінген қаржысына есеп берді.

2022-2023 оқу жылында интернатта 84 бала оқып, тәрбиеленуде. Мектеп-бюджетіне 2023 жылға қаралған жалпы соммасы 374534000,0 (үш жүз жетпіс төрт миллион бес жүз отыз төрт мың) тенгені құрайды.

Атап айтқанда:

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:

- енбек ақы - 133881000,0 тенге;
- өтемақы төлемдер - 7008000,0 тенге;
- әлеуметтік салық -7230000,0 тенге;
- мемлекеттік әлеуметтік қорына әлеуметтік аударымдар - 4217000,0 тенге;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру - 16000,0 тенге;
- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру - 4016000,0 тенге;
- азық-түлік өнімдерін сатып алу -33078000,0тенге;
- дәрілік заттар және медиц. мақсатқа сатып алу - 242000,0 тенге;
- жанар–жағар май материалдарын сатып алу - 260000,0 тенге;
- өзге де қорларды сатып алуға-18004000,0 тенге
- коммуналдық қызметтерге ақы төлеу - 17984000,0 тенге;
- өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу - 9005000,0 тенге;
- өзге да ағымдағы шығындар - 483000,0 тенге қаржы;

Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары есебінен:

- енбек ақы - 119374000,0 тенге;
- өтемақы төлемдер - 5913000,0 тенге;
- әлеуметтік салық -6446000,0 тенге;
- мемлекеттік әлеуметтік қорына әлеуметтік аударымдар - 3796000,0 тенге;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру - 3581000,0 тенге бөлінген.

Әр салаға бөлінген қаражаттар игерілуде. Тәрбиеленушілер бес мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Азық-түлікті 2022 жылдың конкурс женімпаздары «Ұзын бұлақ» ҚХ-сы, ЖК Галимова, «Даму Сапа» ЖШС –мен тасымалдаушылар ретінде заң аясында келісім шарттары бір жылға ұзартылды. Өзге де қорларды сатып алу конкурсы өткізіліп , жеңімпаз анықталып, ЖК Тилешов –пен келісім шарт түзілді. Қаралған қаражатқа мектеп-интернат тәрбиеленушілерге кеңсе заттары, киім-кешек, сүлгілер, гигиеналық – жуынуға арналған құралдар, төсек жаймалары, сүлгілер, шаруашылық , құрылыс заттары алынады.

Өзге де қызметтер мен жұмыстарға бөлінген қаражатқа керекті жұмыстар жасалады, атап айтқанда мектеп-интернат ғимаратының жөндеу жұмыстарына , қоқыс шығаруға, залалсыздандыру жұмыстарына, компьютерлерді, техникалық құралдарды жөндеуге, өрт қауіпсіздігін сақтау шараларына, жылыту маусымына дайындық жұмыстарына, банк қызметтері үшін, 1с бағдарламасын жаңартуға,

интернет-ресурс сайтының қызметіне, дабыл қаққыш орналастыру жұмыстарына жұмсалып, игерілуде. Өзге де қызметтер мен жұмыстарға келісім шарттар ҚР БҒ министірінің «Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидалары» №412 бұйрығының 1-1 тармақшасының негізінде түзіледі.

Ағымдағы жөндеу жұмыстарына конкурс өткізіліп, жеңімпаз болып Шымкент қаласынан «ЖК Налтаева» анықталды.

Күзет және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін конкурс өткізіліп , жеңімпаз "Баб-Арыстан" ЖШС мамандырылған күзет мекемесімен (айына 240000,00тенге) ағымдағы жылдың наурызынан бастап келісім шарт жасалды.

149,141,159 ерекшіліктер бойынша үнемделген қаржыға (ҚҚС-есебінен) қосымша бейнекамералар орнату жұмыстарына жұмсалуын жоспарлап отырмыз.

Жазғы демалыс кезінде 2023 -2024 жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарлануда. Ағымдағы жөндеу жұмыстары ғимараттың барлық жайларында, атап айтқанда сыныптар мен топтарда, жатын бөлмелер мен спорт зал, акт зал, жеке кабинеттерде, асхана, қоймаларда әктеу, сырлау, жууну бөлмелерінде еден төсеніші (кафель) ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Мекеме ғимараттарының ішкі электр, су, газ, кәріз, жылу жүйелеріндегі ақаулар және қазандықтарды жөндеу жұмыстары да жүргізілуі жоспарлануда.

**Қаулы етеді:**

1. Мектеп-интернат директорының м.а. С.Джунисбекованың 2023ж. І жарты жылдығының материалдық базасына қаралған қаржының жұмсалу есебі қанағаттанарлық деп танылып, жоспарға сәйкес ары-ғарай бюджеттік қаражатты пайдалану жұмысы жалғастырылсын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** **Л.Садирбаева**

**Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:** **Қ.Даулетова**